

*Г. Биғалиева, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің бизнес және құқық факультетінің студенті*

*Ғылыми жетекшісі: Д. Қ. Есенов, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасының оқытушысы*

## **АЛФАШҚЫ КОНСТИТУЦИЯ НЕГІЗІНДЕ АҚШ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Конституция — бұл қоғам мен мемлекетте ең жоғары заңдық күші бар құқық нормаларының жүйесі, ол бір жағынан адам мен қоғамның, екінші жағынан адам мен мемлекеттің арасындағы қатынастар негізін, сонымен бірге мемлекеттің өзінің ұйымдастыру негіздерін қоғамдық және конституциялық құрылыстың негіздерін, адам мен азаматтың негізгі құқықтарын, бостандықтарын, міндеттерін, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару буындарын ұйымдастыру және олардың қызметі қағидаттарын бекітуші әрі реттеуші Негізгі Заң ретінде тұжырымдайды.

Американдықтарды қорғау талпыныстарының сәтсіздігіне көзі жеткен, азаттық үшін күрестің көрнекті идеологтары Д. Адамс, Т. ағылшын құқығының нормаларына сілтеме жасай отырып, табиғи құқық идеяларына жүгінді. Бұл идеялар адамның құқықтары тумысынан беріледі және олардан айыруға ешкімнің құқығы жоқ деп таныды, мемлекет оларды бұзуға емес, керісінше, қорғауға міндетті. Бұл идеялар 1776 жылғы 4-шілдеде қайта шақырылған Континенталдық конгрессте қабылданған «Тәуелсіздік декларациясының» негізі болды. Табиғи-құқықтық теорияның негізінде өз аумағында ұлттың ұлттық егемендігі жарияланды. Халықтың революция жасауға құқығы бекітілді. Алайда, өзінің ішкі сипаты бойынша демократиялық болып табылатын бұл Декларацияда құлдық пен үндістер туралы ештеңе көрініс таппады. 1778 жылы штаттардың өкілдерімен өткізілген Конгрессте «Конфедерацияның баптары» атты құжат бекітілді. Штаттар АҚШ деп аталатын «мәңгі одаққа» — конфедерацияға аяқ басты. Сонымен, бұл жерде біртұтас мемлекет емес, мемлекеттер одағын құру көзделген. 1783 жылы АҚШ толығымен тәуелсіз болып танылуы туралы бейбіт келісім

жасалған. Елде халықтың қозғалысы басталды. Саяси және экономикалық жағдаймен күрделі сипатқа ие болып, жаңа ұлт аласапыранға жақындады. Америка Құрама Штаттардың 1789 жылы бірінші Президенті болып сайланған Джордж Вашингтонның айтуы бойынша 13 штаттың бірлігі нашар болды. Олар құмдай сусыды деуге де болады. Осындай күрделі жағдайда Америка Құрама Штаттарының Конституциясы өмірге келді. Тәуелсіздік үшін соғысқа қатысқан Т.Пейна «американың королі кім? америкада монарх ол конституция» деген<sup>1</sup>. Адамның табиғи ажырамас абсолюттік құқықтары доктринасының адамның ең жоғарғы құндылық екендігі туралы идеяны бекітуде оң роль атқарғаны даусыз. Бұл тұрғыдан алғанда адамның табиғи ажырамас абсолюттік құқықтары мен бостандықтары идеяларының ҚР Конституциясында бекітіліп, онда адамның мемлекеттік саясаты салыстыру үшін бағдар қызметін атқаратынына ерекше назар аударылуы өте орынды.

Америка сан жылғы ұрпақтары талай тарихи саяси оқиғалардан бастан кешірді. Міне, сол тарихи оқиғалармен олардың элеуметтік-экономикалық, саяси жағынан даму жолдары конституция атты басты құжаттан бастау алғаны сөзсіз. Атақты философ Алексис де Токвиль 1831 жылы АҚШ-қа барған сапарында, АҚШ мемлекетін демократиялық жүйенің қағидалары қалыпты жағдайда даму үстіндегі мемлекет ретінде көрсетті<sup>2</sup>. Міне, тіпті сол кезеңдеде америка халқында демократиялық қоғам өркендеуге қанат жая бастағанын көруімізге болады. Елде конституция атты басты заң арқылы елді дербес үш билікке бөлу принципі тарихта өшпес ізі қалғаны даусыз. Бұл конституция жылдан бері бастау алған түзетулер конституцияның даму сатысына көтерілгені. Ә. Ә. Әбілхайыр, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-бағам тыңдаушысы.

<sup>1</sup> Сапарғалиев Г. ҚР конституциялық құқығы. — Алматы, 2008. — 108 б.

<sup>2</sup> Копабаев Г. Шетелдердің конституциялық құқығы Алматы, 1999. — 93 б.